

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ 2011 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАСАЛДЫ



Күнтізбелік 2011 жылдың Ғылыми кеңесі мен ректорат отырысының бірлескен соңғы мәжілісі 26 желтоқсан күні жаңадан жаратандырылған әскери кафедраның мәжіліс залында өтті. ҚазҰУ тарихында мұндай алқалы басқосу сыртта, яғни университеттің жаңа ғимаратқа көшірілген мекемеде алғаш өткізіліп отыр. Сондықтан ректор Ғалым Мұтанов бастаған ҚазҰУ басшылығы оқытушы-профессорлар құрамы жаңадан тұсауы кесілген әскери кафедра ғимаратын аралап танысты. Ғылыми кеңес және ректорат мүшелері сақадай сай орнатылған техникаларды, әскери оқу-жаттығу жұмыстарына қажетті құрал-жабдықтарды көріп ризашылықтарын білдірді.

Әскери-патриоттық тәрбие — әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басты басымдық ретінде қарастыратын құндылығы. Осы орайда университеттің әскери кафедрасына басшылық әрқашан шынайы камқорлық

танытып келеді. Ол аталған кафедраның жаңадан ашылған ғимаратынан да айқын көрінді.

Осы күнгі әскери кафедра тағы да бір жағымды жаңалығымен қуантты. ҚазҰУ-дың басшылығы және оқытушы-

профессорлардың қатысуымен ұлтымыздың біртуар перзенті, Кеңес Одағының батыры, әскери колбасшы, жауынгер-жазушы, Б. Момышұлы атындағы және Кеңес Одағының батыры, Қазақстан Халық қаһарманы, армия генералы, тәуелсіз Қазақстан Республикасының бірінші Қорғаныс министрі С. Нұрмағанбетов атындағы қос аудитория ашылды. Мұндай игі шаралардың ел ертеңің, болашақ ұлт патриоттарын қалыптастырудағы маңызы зор екені анық.

(Жалғасы 2-бетте)

Биылғы Тәуелсіздік тойына 20 тарту

Биылғы 2011 жылдың басты ерекшелігі — Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы болғандығы анық. Оған жыл бойы еліміздің түкпір-түкпірінде арнайы сый жасалып, халқымыз жиырма жылдық мерейтойға деген ыстық ықыласы барынша сипатталды. Оған өз кезегінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де үн қосып, «Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына — 20 инновация» атты аса ірі мегажобаны жүзеге асырды.

Осыған орай 5 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен ректорат мәжілісінің кеңейтілген отырысында химия және химиялық технология факультетінде «Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына — 20 инновация» атты халықаралық форум аясында «Егеменді Қазақстан: жетістіктері мен стратегиялық дамуының басым бағыттары» тақырыбында халықаралық



ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Халықаралық басқосуда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына арнап жыл бойы жүргізген 20 инновациялық жобасының

жұмысы қорытындыланды. Жасыратыны жоқ, бұл ҚазҰУ-дың биылғы тарихындағы «Жыл жобасы» аталынғаны анық.

(Жалғасы 5-бетте)

29 декабря в канун наступающего 2012 года два факультета университета — международных отношений и востоковедения получили по настоящему дорогой новогодний подарок. Год дракона они встретят в новом учебном корпусе.

НОВОГОДНИЙ ПОДАРОК!

Торжественное мероприятие открыл ректор университета, академик Ғалым Мұтанов. Радость преподавателей и студентов пришли разделить аким г. Алматы Ахметжан Есимов, руководители дипломатических представительств, культурных центров и компаний зарубежных стран, научной общественности.

В своем выступлении ректор КазНУ поздравил новоселов и гостей с наступающим новым годом. «Каким он станет, во многом зависит от нас, — отметил он. Вера в свои силы, оптимизм и ответственность помогут осуществить амбициозные планы, которые делают жизнь университета интересной, насыщенной и яркой».

Новогодний переезд состоялся благодаря поддержке Министерства образования и науки. На капитальный ремонт пятиэтажного здания, построенного в 1974 году, было выделено 1,2 млрд. тенге. Полностью заменены мягкая кровля, системы тепло и водоснабжения, канализации, вентиляции и кондиционирования, проложены телекоммуникационные линии, проведено благоустройство территории, обновлен фасад.

В корпусе имеются просторные аудитории, лекционные залы и вспомогательные помещения, которые оснащены современным компьютерным оборудованием и мебелью, обеспечены высокоскоростным интернетом. В нем разместились кабинет дипломатической службы, научные центры — американских исследований, НАТО и Европы.

В прекрасном корпусе, где созданы все условия для овладения знаниями, будут учиться более 2,5 тыс. студентов, в том числе около 200 иностранных. В будущем они станут высококвалифицированными дипломатами, переводчиками, востоковедами, тюркологами и регионаловедом.

Факультеты международных отношений и востоковедения не случайно получили прописку по одному адресу. Таким образом, в КазНУ создается кластер международных специальностей, которые востребованы и необходимы для страны. Это еще один шаг на пути к исследовательскому университету.

Факультеты в тесном контакте работают с Министерством иностранных дел РК, сотрудничают с международными учреждениями и организациями, иностранными посольствами, представительствами и компаниями, культурными центрами и фондами. В числе партнеров крупнейшие университеты Америки, Европы и Востока. Преподаватели и студенты регулярно проходят научные и языковые стажировки за пределами страны. Для чтения лекций и обмена опытом, приглашаются ученые из дальнего и ближнего зарубежья.

Позитивные преобразования, которые произошли в университете в уходящем году, дают уверенность, что и в новом 2012 году коллектив КазНУ добьется больших достижений и успехов.

Соб. корр.

ЖЫЛ ТАҢДАУЫ

2011 жылғы сайлауда ҚазҰУ студенттері Елбасыға 100% дауыс берді



3 сәуір күні Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында ҚазҰУ студенттері 100 пайыз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс берген бірден-бір орта. Сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сайлауға қатысу белсенділігі жағынан да Қазақстан бойынша бірінші орынға шығып, ең жоғарғы көрсеткіш көрсетті. Бұл еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы ҚазҰУ-дың болашақтың іргесін қалаудағы Елбасымен бірге екендігінің нақты айғағы. Сондықтан да биылғы 2011 жыл Президент сайлауымен ерекшеленсе, ҚазҰУ үшін Елбасына студент жастардың жүз пайыз дауыс беруімен де есте қалғаны анық яғни бұл «жыл таңдауы» деп атауға тұрарлық екені сөзсіз.

ҚазҰУ қалашығында №186 және №187 сайлау учаскелері жұмыс жасады. Сайлау учаскелері дауыс берушіге қажетті жағдайлармен толықтай қамтамасыз етілді. Сайлау бақылаушылары да дайындықты өте жақсы бағалады. №186 сайлау

учаскесі комиссиясының төрағасы Есберген Алаухановтың айтуынша, сайлау заңдық нормаларға сай өтті. ҚазҰУ студенттері өте үлкен жауапкершілік танытып, жастар жағы ел болашағы маңызды екенін дәлелдеді. «Бүгінгідей саяси ахуалға жастардың жоғары қызығушылығы және жоғары белсенділік көрсетуі мені қуанытып отыр. Барлығы 98% сайлаушылар дауыс берді. Студенттер сайлауға белсенді түрде қатысып отыр. Сайлау учаскесіне бірінші болып келген сайлаушыларды және туылған күн иегерлерін құттықтап, сый-сияпат бердік», — дейді Есберген Алауханов. Ал №187 сайлау учаскесі комиссиясының төрағасы Әбдіқаһар Сейітжановтың хабарлауынша, тіркелген 3024 сайлаушының 97,3%-ы дауыс берген.

Сөйтіп, ҚазҰУ-да сайлауға қатысушылар уақытылы келіп, толықтай өз таңдауларын жасады. Сайлау учаскелерінде бақылаушылар мен БАҚ өкілдері де жұмыс істеді. Нәтижесінде ҚазҰУ студенттері сайлауға 98% қатысып, Елбасыға 100% дауыс берді. Бұл көрсеткіш

сайлауға қатысу белсенділігі жағынан да, Елбасыға сенім арту жағынан да республикалық қорытынды бойынша ҚазҰУ-ды алдыңғы орынға шығарды. Бұл ел тағдырына ҚазҰУ жастарының бей-жай қарай алмайтындығын айғақтайды.

Нұрсұлтан Әбішұлы 1991 жылдан бері Қазақстанды басқарып келеді. Ол бұған дейін өткен президент сайлауларында да басымдықпен жеңіске жеткен болатын. 1991 жылы өткен сайлауда — 98,7 пайыз, 1999 жылы — 79,78 пайыз, 2005 жылы президенттік сайлауда — 91,15 пайыз дауыс жинады. Ел тәуелсіздігін алған жылдардан бергі ел жетістіктері Тұңғыш президент есімімен тығыз байланысты. Сол нәтиже биылғы 2011 жылғы сайлауда да Нұрсұлтан Назарбаевқа жеңіс әкелді. 3 сәуір күні өткен ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауында ел халқының 95,55 пайыз дауысын алып, қайта сайланған Президент Нұрсұлтан Назарбаевты ұлықтау рәсімі 8 сәуір күні Астанадағы Тәуелсіздік сарайында болды.

Саятұл ӘЛІМБЕКОВА

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ғылыми кеңесте 2011 жылдың қорытындысы жасалды

(Басы 1-бетте)

Одан әрі Ғылыми кеңестің жылдық қорытынды жиналысында күн тәртібі бойынша «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2011-2012 жылдарға арналған рейтингтік жүйесі» жөнінде бірінші проректор М. Бүркітбаевтың баяндамасы тыңдалды. Онда 2010-2011 жылдар бойынша рейтингтік қорытынды көрсеткіштер көрсетіліп, әр сала бойынша қанша пайыз жетістіктер бар екендігі жіліктей шағылды. Келер жылға қойылып отырған талаптар да барынша айтылып өтті. Тарқатып айтсақ, рейтингтік ережеде оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми жұмыс пен инновациялық қызмет және тәрбие жұмысы келтірілген. Рейтингтік жүйенің тиімділігі туралы «Бұл рейтингтік жүйе өте жақсы нәтиже болады. Бұл — ынталандыру бойынша өз-өзін ақтайтын жүйе. Әркім өз ұсынысын айта алады. Арнайы құрылған комиссия бар, төрағасы бірінші проректор Мұқамбетқали Бүркітбаев. Оны әр семестрде қорытындылайтын боламыз», — деді ректор Ғалым Мұтанов.

Ғылыми кеңестің күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Университеттің 2011 жылғы қаржылық-шаруашылық жағдайы» туралы экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Е. Ан баяндама жасады. Бұл баяндамада кіріс пен шығыс, 2010 жылғы еңбекақы төлемі мен 2011 жылғы еңбекақы төлеміндегі айырмашылықтар ашық айтылды. Материалды-техникалық жабдықтар, жасалынған құрылыс жұмыстары, электронды кампус, сандық жүйе бойынша соңғы үлгіде жабдықталған, бүгінде құрылысы қызу жүріп жатқан кітапхана жұмыстары жөнінде кеңінен ақпарат берген проректор ҚазҰУ корпоративті дата-орталығын ашу туралы жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды. Кеңейтілген қорытынды отырыста университет пен факультет құрылымдарын жаңарту мәселелері қаралып, инновациялық басқаруды енгізу жағы ұсынылды. Осыған қатысты оны қалай іске асыру жолдары талқыланды. Жылдық жиынтық есептеме, 2011-2015 жылдарға арналған бюджет жоспары қалай



қарастырылатыны туралы жоба көпшілік талқысына ұсынылды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша өткен ғылыми кеңесте бір топ университетіміздің мақтаныштарына «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалі, «Құрмет» ордені, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісі, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» мемлекеттік наградалары салтанатты түрде табыс етілді. Сонымен қатар ғалым хатшы Л. Шайкенованың 31.03.2011 жыл ҚР БЖҒМ «Ғылыми атақ беру ережесі» бойынша барлық ғылыми атақ-дәреже берілетін талаптарға сай, физика саласында 38 жылдық ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар оқытушы Тоқтар Тауырбаевқа профессор ғылыми атағын тағайындау ұсынысы, филология, әдебиеттану

және әлем тілдері факультетінің деканы Қансейіт Әбдәуліның М. Тауманов атындағы аудиторияны ашу туралы, халықаралық қатынастар факультетінің деканы Кәрімжан Шәкіровтің факультетте Германдық оқу ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы ұсыныстары бірауыздан қолдау тапты. Сондай-ақ бұған дейінгі жалғасын тауып келе жатқан жақсы бастама бойынша әр факультет үздік деп танылған студенттеріне арнайы стипендияларды ұсынды.

Жылдың қорытынды жиналысы одан әрі әскери кафедраның жаңа оқу ғимаратында «Офицерлік балл» салтанатты кешіне ұласты. Олар бүгінгі тұсаукесер рәсімін өздеріне Жаңа күнтізбелік жыл мерекесі қарсаңына үлкен сый болғанын айтады. Оған аталған кафедра қызметкерлерінің де үлкен жауапкершілікпен қарап, аса мұқият дайындалғандығын да айта кету керек.

Еялік АҚЖІПТ

Р.С. Өткелі тұрған 2011 жылда жеткен жетістіктерге ризашылығын білдірген ректор Ғалым Мұтанов биылғы жылдың Ғылыми кеңес пен ректорат мәжілістерінің соңғы бірлескен отырысын жаңа жылдық құттықтау сөзімен қорытындылады. «2011 жыл біздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы үшін өзіндік тарихи жетістіктерімен ерекшеленді. Адағы келе жатқан 2012 жыл да өзіндік берекесімен, үздік секіріс, инновациялық жаңғыруларымен есімізде қалсын», — деген ректор қара шаңырақтың барлық оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттеріне толағай табыстар тіледі. Халықаралық дәрежедегі университеттер қатарына екуде ортақ мақсаттарды жүзеге асыруға, ұжымдық рухтың асқақ болуына үнемі.

ЖЫЛ МАРАПАТЫ

Өткен жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бір топ қызметкерлері Мемлекеттік жоғары наградалармен марапатталып, еселі еңбектері биік дәрежеде бағаланған болатын. Төменде сол мақтаныштарымыздың аты жөнін беріп отырмыз.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 20 ЖЫЛ» МЕРЕЙТОЙЫ МЕДАЛІНЕ ИЕ БОЛҒАНДАР:

1. Ф.М.Мұтанов, ректор;
2. Бүркітбаев Мұхамбетқали Мырзабайұлы, бірінші проректор;
3. Жаманбалаева Шолпан Ерболқызы, тәрбие жұмысы жөніндегі проректор;
4. Ермекбаева Баян Жүндібайқызы, экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы;
5. Молдағалиева Айжан Айдынғалиқызы, жаратылыстану факультеттерінің шет тілдер кафедрасының меңгерушісі;
6. Медеубек Сағатбек Медеубекұлы, баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі;
7. Мун Григорий Алексеевич, ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыс жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары;
8. Мұртазаева Фатиме, құжаттармен қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы;
9. Ережепов Әділ, профессор, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі деканның орынбасары;
10. Байдельдинов Дәулет Лайықұлы, заң факультетінің деканы;
11. Джансараева Рима Еренатқызы, қылмыстық құқық және іс жүргізу криминалистика кафедрасының кафедра меңгерушісі;
12. Шеденов Өтеғали, менеджмент және маркетинг кафедрасының профессоры;
13. Биекенов Кеңес Үмбетжанұлы, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры;
14. Өтешов Сәрсембай Карасайұлы, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті;
15. Борейкий Олег Михайлович, философия кафедрасының доценті.

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛҒАНДАР:

1. Ахметова Ләйлә Сейсембекқызы, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры;
2. Исенғалиева Валентина Айтешовна, ардагер;
3. Нездемковский Виктор Васильевич, мемлекет құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ» ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫН АЛҒАНДАР:

1. Ермекбаева Баян Жүндібайқызы, экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы;
2. Әбділдин Мейірхан, теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры;
3. Гайнуллина Надежда Ивановна, орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасының профессоры.

«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағымен

1. Биғалиев Айтқожа Биғалиұлы, молекулалық биология және генетика кафедрасының профессоры;
2. Ердәулетов Станислав Рамазанұлы, рекреациялық география және туризм кафедрасының профессоры;
3. Аққошқарова Құралай Ахметқызы, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің кафедра меңгерушісі.

«Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» төс белгісімен:

1. Ағыбаев Арықбай Нүсіпәліұлы, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры;
2. Тыныбеков Серікқали, азаматтық құқық және іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі;
3. Кукеева Фатима Тураровна, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры.

«Ы.АЛТЫНСАРИН» ТӨСБЕЛГІСІН ИЕЛЕНГЕН:

1. Сағындықұлы Берікбай, қазақ филологиясы кафедрасының профессоры.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІН АЛҒАНДАР:

1. Төлеубаев Әбдеш Ташкентұлы, археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры;
2. Әбдібеков Уәлихан Сейділдіұлы, механика-математика факультетінің деканы.

«ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНА 20 ЖЫЛ» МЕДАЛІН АЛҒАН:

1. Жүсіпов Қайрат Зияұлы, ректор аппаратының басшысы.

Марапат иелерін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтап, еңбектеріне шығармашылық табыс тіледі!

Важный шаг в этом направлении был сделан 27 июня текущего года. На заседании Ученого совета был одобрен и утвержден генеральный план трансформации университета. На этом заседании ректор КазНУ академик Галым Мутанов представил видение перспективы развития университета как исследовательского вуза. Его выступление слушали с нескрываемым интересом: во-первых, это итоговое руководство к действию, во-вторых, решается судьба родного университета, и, в-третьих, вуз ожидают большие перемены. Преобразования модернизация коснулись всех сфер деятельности университета - научно-инновационной, учебно-образовательной, социальной, материально-технической, системы управления и много другого. За год проделана колоссальная работа. Факультеты сформированы на основе кластерного подхода, укрупнены кафедры, внедрены передовые методы управления, ориентированные на результат, новые образовательные программы на всех ступенях обучения - бакалавриате, магистратуре и PhD докторантуре. Активно развивается академическая мобильность преподавателей и студентов,



2011 год – шаги к успеху

Через несколько дней страна встретит новый, 2012-й год. Провожая уходящий год, каждый из нас подводит итоги проделанного. Каким он был для нас? Что принес? Чем был интересен и запомнился? Можно смело сказать, что 2011 год был для университета совсем не рядовым. По всем направлениям деятельности коллектив КазНУ добился новых и ощутимых успехов. Выступая в КазНУ с актовой лекцией, Глава государства Нурсултан Назарбаев назвал университет «форпостом образования и науки нового Казахстана». Коллектив ведущего вуза страны активно включился в решение поставленной Президентом задачи - трансформировать КазНУ в современный исследовательский университет мирового уровня.

программы двуязычного образования, обучение на английском языке. Укрепляется материальная и научно-лабораторная база, создаются условия для развития науки, инноваций и образования.

Впервые введена дифференцированная оплата труда преподавателей на основе рейтинговой оценки их деятельности, а для сотрудников и студентов предусмотрен социальный пакет. Более 200 студентов получают именные стипендии и гранты ректора. На принципах партнерства развивается самоуправление, строится работа с молодежными и студенческими организациями. Некоторые из них вышли на республиканский и международный уровень. Например, Студенческое бюро по Болонскому процессу обрело статус национального и имеет представительство в регионах республики.

Учиться в КазНУ всегда было престижно и почетно. Мы стараемся держать эту высокую планку. Студенты активно вовлекаются в учебный процесс. В университете внедрен компетентностный подход на основе модульного принципа обучения, междисциплинарное и проблемно-ориентированное обучение.

КазНУ первым в стране полностью перешел на экспериментальные образовательные программы, соответствующие высоким международным стандартам. Учитывая растущую потребность в специалистах для инновационно-индустриального развития страны, университет ежегодно открывает новые, востребованные специальности. Это позволило вузу занять достойное место в авангарде высшего образования Центральной Азии. Образовательные программы университета получили международную аккредитацию агентств ACQUIN (учреждения по аккредитации, сертификации и гарантии качества) и ASIIN (агентства по аккредитации образовательных программ естественнонаучного направления).

КазНУ успешно сотрудничает более чем с 400 крупнейшими университетами мира. Свыше 150 известных зарубежных ученых ежегодно читают лекции, проводят консультации и обмениваются научным опытом в университете.

За последние три года в рамках академического обмена в КазНУ прошли обучение более трех тысяч студентов зарубежных вузов. Совместно с десятком университетами Европы и Азии осуществляются

образовательные программы с выдачей двойного диплома и международных сертификатов. В КазНУ проводится набор в магистратуру международных сетевых вузов: университет Шанхайской организации сотрудничества и университет Содружества независимых государств.

С Колумбийским университетом (США) открыт Global Classroom по курсу «Integrated Approaches to Sustainable Development Practice», на факультете «География и природопользование» создана международная кафедра экологии, с южнокорейской компанией реализуется инновационный проект по выпуску многофункциональных электронных интерактивных досок. Совместно с университетом Корё (Ю. Корея) создается медико-биологический кластер, запланировано строительство медицинского центра площадью более 56 тыс. кв. м. В его структуре будут современная больница для преподавателей и студентов, научно-исследовательская лаборатория, необходимая инфраструктура. В финансирование проекта привлекаются 152 млн. долларов США южнокорейских инвестиций.

В университете открыты центры китайского языка, казахско-индийского сотрудничества, стартовал совместный научно-образовательный проект с Центром Карнеги (США). Аналогичные структуры созданы в сфере информационных технологий, прикладной лингвистики, межкультурных коммуникаций и др. Укреплению партнерского сотрудничества способствует создание и активная деятельность международного клуба «Друзья КазНУ им. аль-Фараби».

В октябре в КазНУ с успехом прошел Международный форум по вопросам развития исследовательских университетов, собравший более 100 видных ученых и деятелей высшей школы из 30-ти стран мира, а также представителей международных организаций IGIIP, IFEES, SEFI, COPEC, руководителей казахстанских вузов. Форум еще раз подтвердил высокое реноме университета и открыл абсолютно новые перспективы его развития.

Весомый вклад университета в развитие науки и образования находит заслуженное признание авторитетных международных организаций. КазНУ, единственный из вузов Казахстана, принят в программу ООН «Академическое влияние», в рейтинге QS за 2011 год он улучшил свои показатели на 200

позиций и первым среди вузов Центральной Азии вошел в число 450 топ-университетов мира.

Базой для исследовательской деятельности является мощная научная инфраструктура. В университете сформированы подразделения, которые позволяют обеспечить технологический коридор от генерирования идеи до реализации и коммерциализации результатов научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок ученых. На долю КазНУ приходится более пятидесяти процентов научно-исследовательских работ, выполняемых в вузах страны.

Проект «Инновационный кластер КазНУ им. аль-Фараби» вошел в Государственную программу по развитию инноваций на 2010-2014 годы. На его реализацию выделяется 11 млрд. тенге. Сегодня в рамках проекта проводятся исследования по таким приоритетным направлениям, как нанотехнологии, альтернативная энергетика и энергосберегающие технологии, биологические и физико-химические технологии, фармацевтика и другие. Они востребованы во всем мире. Создание кластера позволит университету стать точкой роста новой экономики.

Совместно с Региональным финансовым центром г. Алматы формируются структуры экономического анализа и консультативных услуг по инновационной деятельности, исследованию проблем развития фондового рынка. Впервые университет участвует в программе «Народного IPO», реализуемой национальными компаниями.

Вкладом КазНУ в копилку достижений в юбилейный год Независимости страны стал уникальный проект «20-летию Независимости Казахстана - 20 инноваций». Его главная цель - конвертация результатов научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок в наукоемкие технологии и далее - в производство. Большая часть из 20 ноу-хау ученых КазНУ внедрены в производство, остальные прошли опытные испытания. Итоги проекта мы подвели на международном форуме, который состоялся в университете 5 декабря. Наши ученые поставили для себя цель - ежегодно внедрять несколько инновационных разработок в реальный сектор экономики, тем самым приносить реальную пользу стране и обществу.

На территории университетского городка функционируют современные учебные корпуса, библиотеки, музей, интернет-центр, комбинат питания, спортивный комплекс и стадион, Дворец студентов и кинотеатр, комфортабельные общежития, на озере Иссык-Куль есть спортивно-оздоровительный лагерь. Строительство университетского кампуса продолжается. Введены в эксплуатацию новые корпуса механико-математического и физико-технического факультетов, химии и химической технологии, возводится новая, самая большая в

КАЛЕНДАРЬ СОБЫТИЙ – 2011

ЯНВАРЬ

В школе кураторов-эдвайзеров проведены семинары по воспитательной работе.

Состоялась конференция «Образовательная деятельность исследовательского университета».

Начал работу впервые созданный в КазНУ Совет аксакалов.

Более 300 студентов стали волонтерами VII зимних Азиатских игр.

ФЕВРАЛЬ

Стартовал проект «20-летию Независимости Казахстана - 20 инноваций».

Проведена республиканская конференция по проблемам духовно-нравственного и патриотического воспитания молодежи.

Принята программа социального партнерства со студенческими организациями.

В Олимпиаде «Аль-Фараби» приняли участие 14 тыс. школьников Казахстана.

Начал работу Совет по гуманитаризации образовательного процесса.

МАРТ

Открыт мемориальный комплекс Омирбеку Джолдасбекову.

Вышла в свет первая книга из серии «Өнегелі өмір».

Состоялся первый выпуск магистров по программе MBA-менеджмент.

Мужчины университета в честь 8 марта организовали гала-концерт.

Утверждены Кодекс корпоративной культуры преподавателя и сотрудника КазНУ, Кодекс чести студента, Положения о преподавателе и студенте.

Центральной Азии библиотека. После капитального ремонта введены в эксплуатацию учебный корпус факультетов востоковедения и международных отношений, высоко комфортабельное общежитие №14. Новое место расположения получила военная кафедра. Она разместилась на отдельной территории, в корпусе с просторными классами и конференц-залом, для военной техники построен ангар, есть строевой плац и современный тир.


С целью дальнейшего развития университета разработан новый генеральный план. В ближайшей перспективе появятся здания центра гуманитарно-прикладных наук, кластера инжиниринга и наукоемких технологий, дома молодых ученых, центра обслуживания студентов, плавательного бассейна и общежитий.

Важнейшей составляющей университета является клубная форма организации научной, культурной, общественной и спортивной жизни студентов. Для этого созданы и действуют более ста студенческих объединений и организаций. Ежегодно студенты КазНУ становятся победителями престижных республиканских и международных конкурсов, фестивалей, турниров и спартакиад.

Президент страны в одном из своих выступлений отметил: «Большие надежды мы связываем с девятью национальными университетами во главе с КазНУ. Они должны стать стержнем отечественного высшего образования». К 2020 году два вуза страны должны войти в мировой рейтинг топ-университетов. Коллектив университета нацелен на выполнение этой важной государственной задачи и делает все, чтобы стать конкурентоспособным, передовым центром науки, образования и инноваций.

Пусть наступающий 2012 год ознаменуется новыми свершениями и достижениями!

Соб. корр.



ЖЫЛ ЕСКЕРТКІШІ

ҚазҰУ қалашығында жыл ескерткіші ашылды

Биыл 2011 жылы Тұңғыш Халықаралық Жолдасбеков симпозиумы ұйымдастырылып, оның аясында ҚазҰУ қалашығының негізін қалаған үлкен ғалым, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековке ескерткіш ашылды. Бұл осы жылғы жасалынған шаралардың ішіндегі ең рухани құндылығы жоғарысы болды десек те болады. Сондықтан оған «жыл ескерткіші» деп атау бердік.

1 наурыз - қазақтың біртуар азаматы, қоғам қайраткері, ғылым мен білімнің ұйымдастырушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстандағы роботтар механикасы, механизмдер және машиналар теориясы мектебінің негізін қалаушы, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің туылған күні. Көзі тірісінде 80-нің сегізгіне келіп, халқымен бірге мерейтойын мерекелер еді. Бірақ «өлді деуге бола ма айтындаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп Абайша айтар болсақ, дәл осы күні академик рухының өшпегендігін Бірінші халықаралық Жолдасбеков симпозиумы дәлелдеп берді. Жақсының жақсылығын айтып нұрын тасытқан шара Жолдасбеков рухының мәңгілік биік екенін көрсетті. Бұл күні ҚазҰУ-да академиктің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық симпозиумға отандық және шетелдік ғалымдар қатысып, қоғам қайраткерінің адами және ғалымдық болмысы мен көзқарасын кезек-кезегімен айтып жатты.

Өмірден өзі озса да, аты қалған ғалымды мәңгі жадында ұстаған Өмірбек Арысланұлы шәкірттерінің, әріптестері мен ҚазҰУ түлектерінің қаржылай демеушілігінің негізінде симпозиум аясында ҚазҰУ қалашығындағы Студенттер сарайы жанынан академикке арналған

ескерткіштің ашылу салтанаты өтті. Академиктің 80 жылдық мерейтойына байланысты өзі негізін қалаған бірден-бір студенттік кампус – ҚазҰУ қалашығында оның ескерткішін орнату ұрпақ пен академик шәкірттерінің құрметі десек те болады. Мүсіннің биіктігі – 2 метр, ені – 1,3 метр, тұғыр іргетасы 5 метрден асады. Ескерткішті талантты мүсінші Кәдірхан Кәкімов отандық граниттен құйған. Ол сонымен қатар Атыраудағы «Сұлтан Бейбарыс», Тараздағы «Ғашықтар» ескерткіштерінің авторы болып табылады.

Ескерткіштің салтанатты ашылуына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, ҚР Парламенті депутаттары, Алматы қалалық әкімдігі, ғылыми қоғам өкілдері, Ө.Жолдасбековтің туыстары және оның Ресей, Италия, Германия, Украина, Белоруссия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдеріндегі әріптестері, көзін көрген шәкірттері қатысты.

Осы орайда ұстаздық ұлағатын көріп, академиктің ағалық қамқорлығын сезінгендігін жеткізген министр Бақытжан Тұрсынұлы: «Бүгін бір ерекше қуанышты күн. Академикке арналып қандай тамаша ескерткіш ашылды. Халықаралық симпозиум өтуде. Тек қазақстандық емес әлемдегі ғалымдар жиналып Өмекеңнің



қоғамдағы орнын ерекше атап өтуде. Бүгін біз Өмірбек Жолдасбековтің үлкен қайраткерлігі ретінде егемендік алғаннан кейін ол кісінің қосқан еңбегінің үлесін ұрпаққа насихаттап жеткізу үшін жиналып отырмыз. Өмірбек Арысланұлы ғылыми жаңалықтар, жаңа мамандықтар, ғылыми орталықтар ашуға ұйытқы болды. ҚазҰУ-ға 16 жыл ректорлық еткен жылдары университеттің рейтингісін бүкіл Одақтық деңгейге көтерді», – деп атап өтсе, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Президенті Мұрат Жұрынов: «Соңында іздеушілері, адал шәкірттері бар Өмірбек Арысланұлы, шын мәнінде, бақытты. Өмекең – еш уақытта ағы өшпейтін, жарқын бейнесі жүректе мәңгі сақталатын ұлы абыз ардагер», – деген пікір айтты.

Академик ескерткішінің салтанатты ашылуынан кейін еліміздің әр аймағынан, шетелден жиналған симпозиум қатысушылары академик атындағы Студенттер сарайына жиналып, өнегелі өмірдің өрелі өрімдерімен бөлісті. Өмірбек өмірінен үзінді көрсетілген деректі фильмді тамашалып, ұлағатты ұстаз бейнесін еске алды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

2011 год был щедр на большие и малые победы. Одним из важных достижений университета является принятие в программу Организации Объединенных Наций (ООН) «Академическое влияние». КазНУ стал единственным среди вузов Казахстана участником программы этой авторитетной международной организации.

КАЗНУ – ООН: вектор сотрудничества

«Академическое влияние» - это глобальная инициатива ООН, которая объединяет свыше 500 вузов из более 90 государств мира с целью активной поддержки десяти всемирно признанных принципов, касающихся прав человека, грамотности, устойчивого развития, разрешения конфликтов и сохранения мира, межкультурного диалога.

Присоединяясь к инициативе ООН «Академическое влияние» КазНУ берет ответственность стать образовательным центром по продвижению в Центрально-Азиатском регионе идей и принципов играющих важную роль в высшем образовании, экономике и социальном развитии, как основы мирного сосуществования. Работа в этом направлении предполагает тесное международное сотрудничество КазНУ с известными вузами мира. Так, например, совместно с Колумбийским университетом США открыт «Глобал-класс» по курсу «Интегрированные практики подходов к устойчивому развитию».

Программа «Академическое влияние» стартовала в ноябре 2010 года и была инициирована Генеральным секретарем ООН Пан Ги Мун. В число ее участников вошли такие известные в мире вузы, как: Кембриджский университет (Великобритания), Нью-Йоркский университет (США), Калифорнийский государственный политехнический университет (США), Иллинойский государственный университет (США), Монреальский университет (Канада), Венский медицинский университет (Австрия), Пекинский университет (Китай), Женевский университет (Швейцария) и др.

Принципы программы «Академическое влияние» обязывают ее участников использовать образовательную среду

как инструмент решения глобальных проблем.

Новый импульс участию КазНУ в программах ООН дало подписание 20 октября в Алматы меморандума о взаимопонимании и сотрудничестве с представителем ООН в Казахстане.

В соответствии с подписанным соглашением, совместная деятельность сторон будет направлена на развитие науки, образования, культуры, проведение исследований в гуманитарной, социальной и экономической сферах. Большое внимание будет также уделяться вопросам развития человеческого капитала.

Меморандумом предусматривается проведение совместных научно-исследовательских проектов, привлечение в них молодых перспективных ученых, проведение конференций, круглых столов, симпозиумов по вопросам и направлениям сотрудничества, организация презентаций новых публикаций ООН. Кроме того, представители и эксперты ООН будут читать лекции в КазНУ по актуальным проблемам современности, а студенты смогут проходить практику в подразделениях организации.

Вопросы участия КазНУ в программах ООН были обсуждены на ряде встреч ректора Ғалыма Мұтанова в ходе зарубежной командировки в США в ноябре текущего года. В частности с руководителем программы «Академическое влияние» Раму Дамодараном, Послом Казахстана в США Ераном Идрисовым, Постоянным представителем РК при ООН Бырганым Айтимовой, директором Бюро по связям ЮНЕСКО в Нью-Йорке Филиппом Криделько.

Соб.кorr.

КАЛЕЕНДАРЬ СОБЫТИЙ – 2011

АПРЕЛЬ

На выборах Президента страны коллектив КазНУ единогласно проголосовал за Нурсултана Назарбаева.

Состоялся Международный Студенческий форум.

Прошли торжества, посвященные 100-летию выхода в свет журнала «Айқап» и газеты «Қазақстан».

При КазНУ открылся Клуб Британских выпускников.

МАЙ

С лекциями выступили Лауреаты Нобелевской премии Ф.Кидланд и Р.Корнберг.

Волонтерским движением «Көмек» выигран социальный грант. Проведена акция «Возродим апорт вместе!».

Создан факультет Довуззовского образования.

Впервые в истории университета учрежден День выпускника КазНУ.

ИЮНЬ

Разработаны новые учебные планы на основе компетентностного подхода по модульной системе обучения.

Подведены итоги рейтинга преподавателей, введена дифференцированная оплата их труда.

Организован летний семестр для казахстанских и иностранных студентов.

Дан старт трудовому сезону ССО КазНУ.

КазНУ стал победителем Республиканской Универсиады.

2011 жылы ҚазҰУ-ға АҚШ та үлкен ықпал танытты

Халықаралық университеттер көкжиегіне ұмтылып келе жатқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемнің көптеген беделді университеттерімен тығыз әріптестік бағытында ынтымақтастық орнатқан. Биыл бұл қарым-қатынас та барынша дами түсті. Осы орайда ағымдағы жылдың 10-17 қараша аралығында ректор Ғалым Мұтанов бастаған ҚазҰУ делегациясы Америка Құрама Штаттарына сапар шегіп қайтқан болатын. Ондағы қол қойылған келісімшарттар мен екіжақты ынтымақтастық университет қызметін тағы да барынша арттыра түсті. Осыған байланысты бұл әріптестікке «Жыл сапары» деген атау тағып отырмыз.

Бағыттың басты мақсаты қазан айында өткен халықаралық конференцияның жалғасы, нәтижесі ретінде «Зерттеу университеттерін дамыту және олардың Қазақстан Республикасының инновациялық дамуындағы рөлі: серіктестік орнату және әріптестік мүмкіндіктері» тақырыбында өрбиді. Сапар барысында 30 шақты ресми кездесу мен талқылау өтті. Барлық бас қосулар алдағы инновация және білім кеңістігіндегі әріптестікті дамытуға жол ашпақ.

Бүгінде ҚазҰУ мен Колумбия университеті арасында Global Classroom Program жобасы жүзеге асып отыр. Осы сапар барысында қазулық делегация Колумбия университетіне арнайы қонақ болды. Кездесу бірлескен бағдарламалар бойынша Global Classroom бағдарламасы негізінде тереңдетілген әріптестікті дамытуды мақсат етті. Оның барысында қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум 2012 жылы Global Classroom-ның жаңа курсына демеу болып, институт директоры Земли Джеффри Сакс ҚазҰУ студенттеріне арнайы дәрістер оқиды.

Сондай-ақ ҚазҰУ магистранттарының, докторанттары мен оқытушыларының ғылыми өтілімге лек-легімен баруына даңғыл жол ашылды деуге болады. Бір меморандум бірнеше әріптестік бағыттарға, бірлескен жобаларға негіз болып, конференциялардың ұйымдастырылуына, Колумбия университеті делегациясының қасиетті қара шаңыраққа арнайы ресми сапармен келуіне септігін тигізеді. Columbia University Press баспасынан шығатын ғылыми оқулықтар мен әдебиеттерді ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударуға мүмкіндік туды.

Сапар барысында сондай-ақ БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасы бойынша да арнайы кездесулер өтті. Осы орайда Ректор Ғалым Мұтанов: «Кездесу негізінде алда біршама іс-шаралар жүзеге асады деп күтілуде. Мәселен, 2012 жылы өтетін «Академиялық ықпал» бағдарламасы бойынша аймақтық конференцияға қатысу, қоршаған ортаны қорғауды дамыту сияқты арнайы тақырыптар бойынша бірлескен телеконференциялар ұйымдастыруға жол ашылды», - дейді.

Ректор бастаған ҚазҰУ делегациясы АҚШ-қа сапары барысында Смит-



сон институтына, Инженерлік білімнің америкалық қоғамына (ASEE), Әлемдік банкке, АҚШ Конгресі кітапханасына, Мэриленд университетіне, америкалық ірі «Hewlett-Packard» IT компаниясына, Стэндфорд, Калифорния университеттеріне және АҚШ-тағы Қазақстан Елшілігіне арнайы барған болатын. Барлық кездесулер тек екіжақты әріптестікті дамытып, бірлескен ғылыми жобаларға жол бастайды деп күтілуде. Сапар барысын тап-тұйнақтай баяндаған ректор Ғалым Мұтанов: «Стэндфордта оқып жатқан он шақты қазақстандық магистранттармен, докторанттармен жүздестім. Алда сол жас ғалымдарды ҚазҰУ-ға жұмысқа шақырып, олар игерген шетелдік тәжірибені тәл университетімізде қалыптастыруымыз қажет», - деген ұсынысы ҚазҰУ ұжымы арасында қолдау тапты.

АҚШ-тағы апталық іссапарды қорытындылау барысында ректор Ғалым Мұтанов университет оқытушылары мен ғалымдарының

алдына нақты тапсырмалар жүктеді. Колумбия университетімен екіжақты «Теплица» бизнес-мектеп бағдарламасын құру, магистранттарға кейс-оқыту бағдарламасын енгізу, БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасы бойынша аймақтық конференцияларға қатысу, ҚазҰУ кітапханасының тұсаукесеріне АҚШ Конгресі кітапханасының қызметкерлерін шақыру, Мэриленд университетімен бірігіп «Интеллектуалды зақлиникасын» құру, кәсіпкерлік бойынша оқыту бағдарламасын екінші мамандық ретінде барлық факультеттердің кредиттер қатарына енгізу сияқты тағы да басқа алға көптеген мақсаттар қойып берді. Ұжымды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға АҚШ тарапынан көрсетіліп отырған зор әріптестік ықыласты ұтымды пайдаланып, ынтымақтастықты тиімді дамыта беруге шақырды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ЖЫЛ САПАРЫ

ЖЫЛ ЖОБАСЫ

(Басы 1-бетте)

Жыл басында Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына – 20 инновация» атты аса ірі жобаға байланысты қасиетті қараңғырақ оқытушылары мен ғалымдарының 200-ден астам үздік инновациялық жобасы запқа салынып, олардың арасынан ең үздік деген 20 жоба таңдалынып алынған болатын. 5 желтоқсанда осы мегажобаның қорытындысы шығарылып, арнайы көрме ұйымдастырылды. Көрме жұмысында әрбір жоба туралы, олардың авторларының жеткен жетістіктері туралы



КАЛЕНДАРЬ
СОБЫТТАЙ – 2011

ИЮЛЬ

Выигран грант АО «НИФ» на создание офиса коммерциализации технологий.

В генеральном рейтинге вузов Казахстана КазНУ занял первое место.

Ученым советом утверждён генеральный план трансформации КазНУ в исследовательский университет.

Совместно с российскими учеными открыта международная междисциплинарная кафедра энергетологии.

КазНУ первым в Казахстане провёл по новым правилам защиту диссертаций на соискание ученой степени доктора философии (PhD).

АВГУСТ

В МОН РК поданы 325 проектов ученых КазНУ с объемом финансирования более 11 млрд. тенге.

Достигнута договоренность с университетом Корё о создании в КазНУ медико-биологического кластера, строительстве ультрасовременной больницы и научно-исследовательской лаборатории.

КазНУ единственный из вузов Казахстана, принятый в программу ООН «Академическое влияние».

Университет стал лидером по числу абитуриентов, поступивших на основе государственных грантов.

Утверждён социальный пакет для студентов.

СЕНТЯБРЬ

С актовыми и лидерскими лекциями выступили видные представители научной элиты Казахстана, руководители крупных компаний.

Внедрена программа академической мобильности магистрантов – «105 дней в зарубежном вузе».

В рейтинге QS университет в 2011 году улучшил показатели на 200 позиций и первым среди вузов Центральной Азии вошел в число 450 топ-университетов из 700 самых известных в мире.

Совместно с Колумбийским университетом открыт Глобал-классрум по программе устойчивого развития.

Открыта профильная школа-лицей для старшекласников.

После капитального ремонта введено в эксплуатацию высоко комфортабельное общежитие №14.

Стартовал инновационный проект «Открытая кафедра».

БИЫЛҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫНА 20 ТАРТУ

толықтай ақпараттар айтылып, келген қауымға ашылған жаңалықтар мен тұжырылған қорытындылар жөнінде кеңейтілген түрде түсініктер берілді. Осы орайда дайындалған деректі фильм көрсетілімі жұртшылық көңілінен шықты.

Конференция жұмысын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалым Мұтанов ашты. Ректор «Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына – 20 инновация» мегажобасының арқалаған жүгі мен елге берер пайдасы туралы кеңінен айта келе: «Бүгін 20 инновациялық жобаның қорытындысын жариялап отырмыз. Бұл жобалардың міздің экономикасына қосар тиімділігі өте жоғары. Олардың ішінде өндіріске енгендері және тәжірибеден өтіп өндіріске дайындары да бар», - деді. Сонымен қатар, Ғалым Мұтанов ел тәуелсіздігінің 20 жылдығында жеткен жетістіктеріміз бен асқан асқаралы асуларымыз туралы кеңінен әңгімеледі.

Халықаралық шара барысында ҚазҰУ-дың Ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі

проректоры Тілекқабыл Рамазанов «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына – 20 инновация» атты бастамасын жүзеге асыру қорытындысы және ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан ғалымдарының форумында сөйлеген сөзі аясындағы университет мақсаттары» атты баяндама жасап, барлық 20 инновациялық жобаға жеке-жеке тоқталып, аса ірі бастаманың қорытындысын шығарды. Одан кейін ҚазҰУ ғылыми-технологиялық паркінің озық инновациялық жобалары туралы технопарк директоры Кәрім Боғусбаев баяндап, қолға алынған жобалардың мақсаты мен міндеттері жөнінде таныстырды.

Айта кету керек, ғылым, білім беру мен инновацияның орталығы болып саналатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бұл бастамасы – әлемдік деңгейдегі орны бар зерттеу университетіне айналуға байланысты мемлекет басшысының Жолдауында қойылған нақты міндеттерді орындау бағытында

жүзеге асырылды. Қолға алынған жобалардың негізгі мақсаты – көпғылымды технологияларда ғылыми-зерттеу, конструкциялық дамуына үлес қосу. Инновациялық жобалар нано және биотехнология, энергетика, қоршаған ортаны қорғау, дәрігерлік, ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік сияқты салаларға жана ғылыми технологияларды енгізуге, сонымен қатар оларды жүзеге асыруда өндіріске ендіруге бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен халықаралық шараның негізгі мақсаты – тәуелсіз Қазақстан Республикасының 20 жылдың ішінде жеткен жетістіктерін, ғылыми-инновациялық, әлеуметтік қоғамдағы жүзеге асып жатқан индустриалды-техникалық модернизация-

сын насихаттау және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «20 жылдыққа – 20 инновация» жобасын қорытындылау. Бүгінгі таңдағы бұл инновациялық бағыттар жиын барысында кеңінен ашылып, оның алдағы уақытта бедерленетін белгілері нақтыланды. Бұдан өзге конференцияда білім және ғылым саласының заманауи әрі өзекті мәселелері, зайырлы мемлекеттің дамуындағы саяси-әлеуметтік және экономикалық жаңғыру аспектісі, зайырлы Қазақстанның әлеуметтік-мәдени модернизациялануының философиялық-діни, әлеуметтік-саяси аспектілері және қоғамның зияткерлік капиталы, Тәуелсіз Қазақстанның тарихи ғылымы: тұжырымдамалық мәселелері, жетістіктері мен дамуы; Егеменді Қазақстанның мемлекеттік құрылымы мен әлеуметтік-мәдени дамуының конституциялық-құқықтық тұрғыда қамтамасыз етілу мәселелері мен болашағы сияқты бірнеше өзекті тақырыптар жан-жақты қаралды.

Еллік АҚЖІГТ

ЖЫЛ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ

24 қазанда өткен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кезекті Ректорат мәжілісінде қара шаңырақтың тағы бір жетістігі жария етілген болатын. ҚазҰУ – QS жүйесінде «үш жұлдызды» университетке айналып, тағы бір белесті бағындырды. Яғни ҚазҰУ QS Stars мәліметі бойынша, «үш жұлдызды» университет көрсеткішіне сай келген. Бұл 2011 жылдағы ең бір жұлдызды сәтіміз болып есептеледі. Сондықтан, мұны «жылдың жұлдызды сәті» деп атағанды жөн көрдік.

Биылғы ҚазҰУ-дың жұлдызды сәті

Мұндай деңгейге жету үшін жоғары оқу орнының ғылыми зерттеу, түлектерінің жұмысқа орналасуы, инфрақұралым, оқыту, халықаралық ынтымақтастық, инновация және әлеуметтік қолдау бағыттары басты сарапқа алынады. Жалпы, QS жүйесінде білім ордалары жоғарыдағы талаптарға сай жинаған балдары бойынша бір, екі, үш, төрт және бес жұлдызды университет деп анықталады.

Осыдан кейін QS жүйесінде «үш жұлдызды» университет атанып отырған ҚазҰУ ұжымы алда «төрт жұлдызды» деңгейге жетуге ұмтылу қажет деген межені қойып үлгерді. Бұл орайда Қазақстанның көшбасшы университеті мамандандыру талабын барынша дамыту керек. Себебі сәйкес 1000 балдың 516 ұпайын жинаған білім ордасы

жоғарыдағы талаптардан лайықты баға алып, мамандандыру бағыты жағын көтеруге міндеттелген. Бұл бағытты дамыту оқытушы-профессорлар алдындағы үлкен жауапкершілік.

QS Stars анықтамасы бойынша, «үш жұлдызды» университет дегеніміз – елінде жоғары абырой-беделге ие, халықаралық деңгейде белгілі бір дәрежеге көтерілген білім ордасы, сондай-ақ халықаралық деңгейде мойындалған және түлектері жұмыс берушілер тарапынан үлкен сұранысқа ие деген анықтамаға сай келеді. Алда келе жатқан жылдарда «үш жұлдызды» деңгейге көтерілген ҚазҰУ басқа да жұлдызды сәттерін көре береді деген үміттеміз.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ҚАЙНАҒАН ОРТА

ҚазҰУ-дағы ең қыз-қыз қайнаған орта

Біздің университетіміз студенттерді мамандандырумен қоса жан-жақты өнерге баулып, рухани байлықтарын жетілдіріп, тәрбиелі де мәдениетті мамандар даярлауда. Білімнің алтын ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі студенттерге шынайы өнер арқылы әсер ететін тәрбие ошақтарының бірі, жастардың бірі келіп, бірі кетіп жататын ең қыз-қыз қайнаған орта – Студенттер клубы болып отыр. Сондықтан да клуб осындай атауға лайық деп танылды.

2011 жыл Студенттер клубының өнерлі студенттерінің өрлеген жылы болды десек қателеспейміз. Жыл бойы Студенттер клубының белсенді қатысушылары, талантты студенттер Қазақ ұлттық университетінің жеңіс қоржынын көптеген диплом мен сыйлыққа толтырды. Мысалы, Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған қалалық және республикалық студенттердің әскери-патриоттық «VIVAT, Қазақстан!» әндер байқауына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Студенттер клубының жанындағы «Бақыт» би ансамблі, «Вокал және эстрада» үйірмесінің әншілері, хор үйірмесі, «Біз» театрының студенттері қатысып бас жүлдені иеленді. Осы байқауда «Әскери-патриоттық әндер» аталымы бойынша – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығармашылық ұжымы композициялық көрінісі «Арнайы сыйлыққа» ие болды. «Авторлық

ән» номинациясы бойынша – биология факультетінің 3 курс студенті Дана Әйтимова «Біз – Отанның ұланымыз!» атты әнімен 1 орынды жеңіп алды. «Отан туралы ән» номинациясы бойынша студенттік «Қайнар» квартеті «Жаса, Қазақстан!» әнімен 2-ші орынды жеңіп алды. Дәл осы аталымда Әсет Арыстанбек «Елім-ай» әнін орындап 3-ші орынға лайық деп танылды. Сонымен қатар биыл «Бақыт» би ансамблінің белсенді мүшесі, колледж студенті Малика Есмұхамбетова Республика бойынша «Жыл студенті» атанды.

Осы жылы өткен қалалық «Жас жұлдыз» байқауында экономика және бизнес жоғары мектебінің 1 курс студенті Самал Жанатқызы «Эстрадалық ән» номинациясы бойынша 1-ші орынға ие болса, «Заманауи би» номинациясы филология факультетінің «Lnsyn five» тобына бұйырды. «Домбырада ойнау шеберлігі» номинация-

сында 2-ші орынды философия және саясаттану факультетінің 1 курс магистранты Әлібек Мұхамеджанов иеленсе, журналистика факультетінің 2 курс студенті Сейітжан Амангелді «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша дипломант атанды.

Осы жылы тағы бір үлкен жаңалық өнерлі студенттеріміз «Тату көршілік және достық жылы» ұраны негізінде, 20-26 желтоқсанда Ланджоу және Хайнань провинциясында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің бірінші студенттік фестиваліне қатысып қайтты. Бұл делегацияны Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Г.Ә. Сәрсенбекова басқарып барды. Аталған іс-шараға бүкіл Қазақстанның атынан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың өнерлі студенттерінің қатысуы да зор мәртебе екені анық.

Білім мен өнерді тең ұстаған жастарымыз алдағы уақытта да университет мерейін асқақтатады деген сенімдеміз. Жігері жалындаған, өнері өрге жүзген студент жастардың жетістіктері мол болсын, жаңа жыл жаңа шығармашылық шабыттарға толы болсын деп тілейік!

Әйгерім ӘЛІМЖАНОВА,
студенттер клубының жетекшісі

ЖЫЛДЫҢ ҚЫЗЫҚ КОНЦЕРТІ

Биыл ҚазҰУ-да 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай бұрын-соңды болмаған қызық концерт ұйымдастырылды. «Қызық» деп айдар тағып айтатынымыздың себебі бұл күні сахнаға белгілі өнер жұлдыздары шыққан жоқ, керісінше, университеттің проректорларынан бастап, қарапайым қызметкерлеріне дейінгі аралықта қызмет ететін азаматтар жиналып сахнада өнер көрсетті. Ән айтып, би билеп, тіпті стрептиз көрсеткен ер азаматтар кәнігі өнер тарландарынан кем түспеді. Сондықтан да бұл шара биылғы ең «қызық» дегенге атауға лайық болып отыр.



2011 жылдың ең қызық концерті

Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай 4 наурызда ҚазҰУ қалашығындағы Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайын әуезді ән, көңілді күй кернеді. Көктемгі құлпырған қызғалдақтай жүздері бал-бұл жанып, көздері нұрдай жайнаған аруларымыз дәл осы күні тіптен сұлулана түскендей. Дәл осы күні нәзік жандарға деген азаматтар ілтипаты, сыйластық пен ізгілік қасиеті ерекше бір мәнге бөленді. Кештің көркін келтіріп, мерейін арттырған өнерпаз қатысушыларды университеттегі оқытушы-профессорлар құрамы, проректорлар, ректорат қызметкерлері, бөлім бастықтары, факультет декандары, декандардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары арасындағы ерлер тобы қамтыды. Ардақты апа, аяулы ана, сүйікті қарындас мерекелеріне арнап тек ер азаматтарымыздың өнер көрсетуі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихында тұңғыш рет білім ордасының ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлының идеясымен жүзеге асқанын айта кету керек.

Абайша шырқап сахна төріне көтерілген серіге қосыла орыс классигі А.С.Пушкин өлеңдерінен сұлулықты жырлаған, әйел көркемдігін жырға қосқан шумақтар оқылғанда сарай ішін бір тыныштық тербеп, ана құдіреті, сұлулар нәзіктігі көрермен көз алдына көркемделіп «сұлулық – әлемді құтқарады» немесе «әйел – бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген тұжырым мәні асқақтай түскендей.

Дәл осы кезде сахна төріне шығып, кимешек киген кейуана аяулы ана жүрегінен жылылық нұрын сеуіп, көктем келгенін, табиғат көріктене бастағанын, мейірім мен бауырмалдықты бір насихаттап өткендей болды. Ән мен сахнаның үйлесімділігі ананың ақ сүті, ана алақаны, ана жүрегі, ана махаббаты деген құдіретті күшке тағзым мен інкәрлікті арттырды. Сарай ішіндегі қолпаштау мен ыстық ықылас та тура осы мезетте тіптен қалындай түсті.

Салтанатты кештің мерекелік шымылдығы Студенттер сарайының қызметкері Юрий Копновтың орындауындағы «Асыл ана» әнімен ашылды. Ән арқылы ана мейірімі мен даналығын бір әспеттеп алғаннан кейін кезек суырып салма ақындарымыз Рүстем Қайыртай мен Біржан Бай-ту арасындағы қазақтың ұлттық айтыс өнеріне берілді. Мұнда орақ тілді, от ауыздан шыққан орамды сөздер әйел азаматының құдіреттілігі мен көркем мінезін, табандылығы мен даналығын бір саралап өтті.

Жүргізушілердің айтуынша, қара шаңырақ ҚазҰУ-да бүгінде үш мыңға жуық арулар қызмет етеді екен. Ендеше халықаралық әйелдер күні мерекесінде университет серілерінің аруларға арнап ән салуы орынды-ақ. Дәл осы жерде ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұқамбетқали Бүркітбаев, Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабұл Рамазанов және экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Евгений Аннын орындауларындағы Леонид Утесовтің «Как много девушек хороших?» әнінің шырқалуы сәтті шықты. Ал механика және математика факультетінің профессоры Құрмет Қабықайыров Абайдың әні «Көзімнің қарасын» нақышына келтіре орындағанда, студенттер алдында дәріс оқып жүрген ғалым құдды бір бұрын киелі сахнада өнер көрсетіп жүргендей әсер етті көрерменге. Салтанатты кеште қазулық ер азаматтар сегіз қырлы, бір сырлы серілер қатарынан екендігін аянбай дәлелдеп бақты. «Қыздар, қыздар сұлу қыздар, неткен ғажап сұлуыңдар» деп Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Хайдар Сүлейменұлы әсем әнді әулеткенде арулар ризашылығында шек болмады. Аналар мейрамы, арулар мейрамы өз кезегінде тосын жаңалықтарға толы болып, жағымды сыйларға ұласып жатты. Бірі зангер, бірі математик, бірі тарихшы, бірі география, бірі химия саласының майталманы. Бірақ бәрін бүгін киелі сахнаға бір құдіретті күш бас қостырған.

Ол – анаға деген махаббаттың, аруларға деген, жарға деген сүйіспеншіліктің асыл тұңғысы. Осы орайда факультет декандары Виталий Сальников (география), Жәкен Таймағамбетов (тарих), Кәрімжан Шәкіров (халықаралық қатынастар), Уәлихан Әбдібеков (механика-математика), Баходир Алиев (физика), Ердос Оңғарбаев (химия), Дәулет Байделдинов (заң) біріге шырқаған «Сұлу қыз» әні мерекенің көркін асыра түсті. Бұл орындауды «Дос-Мұқасан» тамашалағанда танданысын жасыра алмай ризашылығын жеткізер еді. Физика факультетінің доценті Александр Потанин мен Александр Куприянов Монт «Чардаш» туындысымен аруларға деген құттықтауларын жеткізсе, ө.ғ.д., философия және саясаттану факультеті әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры Михаил Пузиков өз шығармашылығынан жыр оқыды.

Ал дәне тәрбиесі және спорт кафедрасының оқытушылары орындаған заманауи үлгіге негізделген «Сюрприз» биі сарай ішін әрі таңғалдырып, әрі мерекелік көңіл күйге бөледі.

Будан кейін, механика-математика факультетінің аға оқытушысы Болат Әбеновтің орындауында Мариам Жагорқызының әні «Дудар-ай» тыңдалып, факультет декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі декандарынан құралған ерлер тобының мерекелік қалжыңы мен тапқырлығы көрерменді күлкіге көмді. Университет оқытушысы Төлеген Меркебаев Ливерпуль Четверктің әні «Yesterday» орындағанда ағылшын тілін жетік меңгерген оқытушыға ризашылық білдірілді. Әсем ән мен тәтті күйге баурап, көрермен қолпаштауы ұзаққа созылған «Шоқ қыздар» әні сарай ішін бір серпілті. Эстрада әншісі Бейбіт Қорғанның орындауындағы бұл әнді кеште ҚазҰУ баспасөз қызметінің жетекшісі Дәурен Дүйсебаев, «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы Дәрмен Смайыл және Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлім бастығы Бақытқали Көшпенбетов орындап шықты. Көңіл күйге бір бөленген көрермен одан кейін әскери хордың орындауындағы «Дружба» әнін тамашалады.

Бірінен бірі озып, көктем мерекесін ҚазҰУ-да бірге мерекелеген бұл кеш ұжымдық берекені, қызметтік мәдениетті, бірлікті танытқандай болды. Мерекелік салтанаттан көрермендер кимай тарасып жатты.

Жүргізушілер Ғалымжан Сайлаубек пен Медет Аманбаев ана жайлы толғаған ақын өлеңдерінен үзінді оқып, Ана деген құдіретке бас иіп, тағзым етіп, келесі кездескенше амандық-саулық тілесті. ҚазҰУ арулары университеттің ер азаматтарының өнеріне марқайып, ризашылықпен тарасты.

Осылайша, 8 наурыз көктем мерекесіне арналған салтанатты кеш ҚазҰУ-да қалыптасқан ұжымдық мәдениетті арттыра түскендей. Ал оның қызығы әлі басылған жоқ.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Жылдың ең ұқыпты факультеті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - республикалық талаптар үдесінен шығып, халықаралық мақсаттарды бағындырып отырған білім-ғылымның көшбасшысы. Әрине, көшбасшы атану үшін ғылым, білім, тәрбие саласында әмбебап түрде қызмет етіп, күнделікті игі істер атқару қажет. Ал осы үдеден табылу, қойылатын сұраныс-талаптарға ұқыпты да жедел жауап қату – бүгінгі қоғамның басты талабы. Өйткені біздің ғылыми ортаның қандай да бір қоғамдық-саяси оқиғалар мен мәселелерде пікір білдіріп, елбасы Жолдаулары мен қабылданған Заңдарға қатысты ойларын жеткізуі елдігіміз үшін өте маңызды.

Десек те, оны дер кезінде тиянақты және сапалы түрде орындау тіпті басқа дүние. «Кісінің кілті аспанда» дегендей, БАҚ-қа қажетті материалдар мен елді ақпараттандыруда маңызды дүниелерді беруге келгенде сиырқұйымшақтатып созып жүріп алатын орталар да бар. Биыл біз осыған қатысты барлық факультеттердің ішінен өте белсенді жұмыс істейтін «Ең ұқыпты факультетті» тандап алып, арнайы өз рейтингімізді жариялауды ұйғардық. Сонымен өзге факультеттерден жедел, тиянақты әрі ұқыпты қимылдап, биылғы «Қазақ университеті» газеті редакциясының жылжыбар рейтингісі бойынша «Ең ұқыпты факультет» мәртебесіне химия және химиялық технология факультеті лайық деп таңылды. Тағы бір айта кететін жайт, бұл факультет өзге факультеттер сияқты ырың-жырынмен созылып жүріп алмай «Қазақ университеті» газеті басылып шыға салысымен-ақ өздеріне алдыртып, кафедра мәжілістерінде материалдарды талқылап, ақпараттық компания жүргізуімен де ерекшеленді. Профессор Ердос Оңғарбаев басқарып отырған факультет ұжымына осы бағыттан таймай, сапалы да жауапты қызмет ете беріңіздер деген тілек айтамыз.

Редакциядан

КАЛЕНДАРЬ СОБЫТИЙ – 2011

ОКТАБРЬ

Прошел Международный форум «Формирование исследовательских университетов и их роль в инновационном развитии республики Казахстан».

Создан международный клуб «Друзья КазНУ им. аль-Фараби».

Ректору КазНУ, академику Галыму Мутанову присвоено звание почетного профессора Евразийского экономического клуба ученых.

Ученым советом утверждён индикативный план развития университета на 2011-2012 учебный год, направленный достижение показателей исследовательского вуза.

Впервые КазНУ торжественно отметил «День учителя».

На факультете химии и химической технологии установлен бюст Марии Склодовской-Кюри.

НОЯБРЬ

В ноябре делегация КазНУ во главе с ректором Г. Мутановым посетила ведущие американские вузы и «Силиконовую долину».

Состоялся гала-концерт победителей конкурса «Таланты первокурсников».

Прошли конкурсы «Ана тілі аруы» и «Жігіт сұлтаны».

Студентка III курса колледжа КазНУ Малика Есмұханбетова стала обладателем гран-при республиканского конкурса «Студент года - 2011».

ДЕКАБРЬ

При поддержке МОН РК университет получил доступ к научным базам данных Springer, Thomson Reuters и Scopus.

Подведены итоги проекта «20-летию Независимости Казахстана – 20 инноваций».

Слушатели проекта Глобал-классрум получили сертификаты Колумбийского университета.

Более 30 сотрудников удостоены высших государственных наград.

В честь 20-летия Независимости Казахстана состоялся концерт государственного оркестра им. Курмангазы.



ҚОЯН ЖЫЛЫ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?



Ердос ОҢҒАРБАЕВ,
химия және химиялық технология
факультетінің деканы:

«2011 жыл – «Халықаралық химия жылы» деп аталуымен есте қалды»

2011 жыл есімізде әртүрлі ауқымдағы іс-шаралармен, оқиғалармен, жаңалықтармен қалатындығы даусыз. Мемлекеттік деңгейде ел тәуелсіздігіне 20 жыл толуымен, Қысқы Азияда, Президент сайлауымен есте қалды. Университеттік ауқымда бұл жыл оқу ордамыздың әлемдік университеттер рейтингінде (QS бойынша) 401-450 сатыға көтерілуі, классикалық университеттен зерттеу университетіне айналуға арналған стратегиялық бағдарламаның жасалуымен тарихта қалатын шығар.

Химия және химиялық технология факультетінің қызметкерлері үшін 2011 жыл – Халықаралық химия жылы деп аталуымен есте қалды. Осы аталым аясында факультеттің негізін қалаушы ұстаздарымыз - Ә.Б. Бектұров пен О.А.Сонгинаның 110 жасқа, Б.А. Бірімжановтың 100 жасқа толуына арналған съезд, ғылыми конференция, дөңгелек столдың ұйымдастырылуы, М.Кюри атындағы аудиторияның ашылуы осы жылдың атына сай өтуіне үлес қосқаны сөзсіз. Факультеттегі кафедралардың бірігуі, атының өзгеруі де тарих кітапшасына жазылатын жаңалықтың бірі ретінде қалатыны айғақ. Жеке ба-сым үшін бұл жыл басшылық қызметте тәжірибе жинақтаумен өтті деп айтар едім.

Т.М. ШАЛАХМЕТОВА,
декан факультета биологии и биотехнологии:

**«2011 год во всех
отношениях был успешным»**



Дорогие друзья, уходящий 2011 год во всех отношениях был успешным для нашего университета. В международном рейтинге QS мы преодолели цель 200 позиций и стали в ряд 450 топ-университетов! И в этой важной победе большая доля труда дружного коллектива биологического факультета, ныне факультета биологии и биотехнологии! Наши преподаватели не только улучшали и совершенствовали учебный процесс, внедряя новые образовательные технологии, осуществляя академическую мобильность, но и весьма успешно выполняли научные исследования по 44 международным и республиканским проектам, результаты которых опубликованы в 25 высокорейтинговых журналах. Многие преподаватели были экспертами выполняемых в Казахстане фундаментальных и прикладных исследований. Студенты факультета также активно занимали участие в научных проектах, побеждали на международных республиканских олимпиадах, выезжали на учебу в зарубежные университеты, участвовали в Global Classroom с Колумбийским университетом. Активное участие в образовательной и научной деятельности факультета в 2011 году приняли 43 ученых из ведущих научных центров мира, которые выступили перед студентами с лекциями, провели мастер-классы, круглые столы, привезли с собой недостающие материалы и даже приборы. Все они стали активными членами международного «Клуба друзей КазНУ им. аль-Фараби». Только на кануне Нового года с участием ученых из США, Франции, Великобритании, Японии, Бельгии, Италии, Дании было проведена I-я Международная школа по пищевой безопасности, важным решением которой было создание на базе факультета международной междисциплинарной образовательной программы для магистрантов и докторантов по пищевой безопасности.

Наступающий год Дракона считается годом удачи, везения и благоприятного влияния на все жизненные стороны. Однако не будем уповать на астрологию, а каждодневным неустанным трудом будем улучшать показатели нашей деятельности, чтобы войти в мировые рейтинги самых передовых университетов мира. В наступающем 2012 году я желаю моему родному факультету и коллективу университета благополучия и большого оптимизма!

Д.Л. БАЙДЕЛЬДИНОВ,
декан юридического факультета:

**«Уходящий год запомнился
небывалой общественно-
политической активностью»**



Уходящий 2011 год запомнился мне небывалой общественно-политической активностью. А главным его событием стало празднование 20-летия Независимости Казахстана. Наш университет деятельно участвовал в жизни страны. Мы взяли курс на достижение показателей исследовательского вуза, научную интеграцию, развитие инноваций и внедрение их в производство.

Год ознаменован большими и важными событиями. Особенно активно развивалось международное сотрудничество, в котором принимает участие и юридический факультет. В апреле текущего года делегация юристов КазНУ посетила Синцзяньский государственный университет. В ходе визита были заложены основы программы двухдипломной подготовки магистрантов. В сентябре прошла крупнейшая научная конференция, в которой приняли участие первые руководители правоохранительных органов республики, а также ученые из 18 стран мира. Было много других ярких и интересных событий.

В Новом году хочу пожелать студентам, преподавателям, коллективу университета и всему народу Казахстана счастья, здоровья, успехов в труде и в учебе, благополучия и процветания!

С Новым годом! С новым счастьем!

АЛДА КЕЛЕ ЖАТҚАН 2012 ЖЫЛ ЖЫЛЫНАН НЕ КҮТЕСІЗ?



К. ӘБДЕЗҰЛЫ, филология,
әдебиеттану және әлем тілдері
факультетінің деканы:

**«Нөтерілер
биіктер алда»**

Алдымызда келе жатқан Ұлу жылынан біздің күтеріміз мол. Факультеттің жаңа атауына лайық енді біз оқу бағдарламаларының жаңа сапалық деңгейіне қол жеткізіп, студенттерді үш тұғырлы тіл концепциясы бойынша даярлаудың терең бағдарламаларын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Келер жылыда, әсіресе студенттердің, магистранттардың академиялық мобильділігін жаңа деңгейге көтеру іс-шаралары жаңа деңгейге көтеріледі. Осы мақсатта бүкіл факультет оқытушы-профессорлардың өз жұмыс жоспарларын осы стратегиялық мақсатымызды жүзеге асыруға бейімдеуді талап етеді. Осы тұста енді ұстаздардың алдында да биік ме-жеге көтерілу, үзбей іздену міндеті тұр. Жаңа сападағы оқулықтар, оқу-құралдарын, оқу әдістемелік кешендерді дайындау ісі де көп тер

төгуді қажет етеді. Келе жатқан жаңа жы-лымызда осы бағытта да өнімді, жүйелі жұмыс істейміз деп ойлаймын.

Факультеттің рейтингісін барлық көрсеткіштер бойынша көтеру үшін алдымызға іргелі гуманитарлық ғылым саласындағы ізденістерімізді де жаңа сапаға ілгерілету мұраты тұр. Ең басты көрсеткіштеріміз бұл бағытта да өркендейді деп ойлаймын. Ректорымыз, профессор Ғалымқайыр Мұтанұлының тікелей тапсырмасы-мен жаңа жылдан бастап ашылғалы отырған Ау-дармаорталығы да өзінің жеңісті жұмысын бастап кететіндігіне сенімім мол. Бүкіл Республикалық ауқымдағы аударма мәселесінің ғылыми-әдістемелік орталығына айналғалы отырған бұл құрылым факультетіміздің жаңаша имиджін қалыптастыруға үлкен септігін тигізетіндігіне көзіміз толық жетеді. Университетіміз 2011 жылы халықаралық деңгейде үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Енді осы шыққан биігімізге табан тірей отырып келе жатқан жаңа жылымызда да Қазақ ұлттық университеті биік белестерге қол жеткізетіндігіне сенімім кәміл.



Б.Ж. ЕРМЕКБАЕВА,
экономика және бизнес жоғары
мектебінің деканы:

**«Инновациялық
табыстар жылы болсын»**

Ұлу жылы мейірімділік пен жеңістің, жетістіктердің жылы деп айтады. Жаһандану заманында адамдардың бір-біріне деген мейірімділігі, татулығы мен ынтымақтастығын нығайту өмірлік мәселе. Сондықтан алда келе жатқан жылдан шапағат, бірлік, ынтымақ пен ауызбіршілік күтеміз.

Өзімнің алтын ұям – Қазақ ұлттық

университеті бүгінде оқу, білім, ғылымның Қазақстандағы көшбасшысы. 2011 жылы біз ғылым-білім саласында үлкен жетістіктерге жеттік, биіктерге көтерілдік. Әлемдегі әйгілі университеттер қатарына қосылдық. 20 инновациялық жоба жасап, Қазақстан тәуелсіздігінің ұлы мерекесіне шауып іштік.

Қара шаңырақ Қазақ ұлттық университеті Ұлу жылында үлкен инновациялық табыстарға жетеді деп сенемін.

Экономика және бизнес жоғары мектебінде әлемдік деңгейге жету жолында жаңа өрлеу мен жаңару жүзеге асады. Келе жатқан Ұлу жылы-мен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын, бақ-береке, ырыс-ынтымақ тілеймін.



К.Н. ШАКИРОВ,
декан факультета
международных отношений:

**«Чего мы ждем от
Нового Года?»**

В Новый год в семейном кругу под бой курантов мы традиционно загадываем желания, пребывая в ожидании волшебства и чуда. А что же принесет предстоящий год коллективу университета?

Конечно же, новые рейтинги и возможности! Огромное количество публикаций в журналах с высоким импакт-фактором. Международные форумы, симпозиумы и кон-

ференции. Интересные лекции известных зарубежных и казахстанских ученых. Конкурентоспособных и талантливых выпускников. Достойное место среди университетов мира и статус исследовательского университета, и многое-многое другое. В уходящем году мы добились многого, наш вуз доказал, что является ведущим университетом страны и ему по плечу решение новых задач. В этом большая заслуга руководства и профессорско-преподавательского состава, всех служб и подразделений, и, конечно же, студентов.

Хочу поблагодарить наш славный коллектив за хорошую и слаженную работу. От души поздравляю всех с Новым годом и желаю достижения новых вершин!



Әлия МАСАЛИМОВА,
философия және саясаттану
факультетінің деканы:

**«Тек тыныштық пен
даму күтеміз»**

Алдымызда келе жатқан 2012 жыл – Ұлу жылында мен тек еліміздің тыныштығы мен даму жолын күтеміз. 2011 жыл да өзінің тек жақсы жақтарымен тарихта қалары анық. Ауыз толтырып атап өтер жағдай – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығы. Ұлттық қасиетіміз бен құндылықтарымызды ұлықтататын, рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған Қазақстан

Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өту бір қарағанда үлкен мерейтой, алай-да біздің еліміздің даму мақсатында іске асырылатын шаралар бар. Еліміз дами берсін. Халықаралық қатынастарда Қазақстанның саяси имиджі тағы да жақсы жақтарынан көріне берсін. Біздің еліміздің саяси, мәдени, экономикалық тұрақты дамуы – ол біздің болашағымыздың кепілі.

Ынтымағы мен бірлігі жарасқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – үлгілі болатын үлкен жоғары оқу орындарының бірі. Ғылым саласында біздің университетіміз оңтайлы нәтижелер берсін. Жаңа жылда әріптестеріме шығармашылық табыс, аспанымыз ашық болуын тілеймін!



З.Е. ИСКАКОВА,
зам.декана по учебной, методи-
ческой и воспитательной работе:

**«Год Дракона для
факультета»**

Мы, востоковеды, несмотря на то, что XXI век на дворе, все-таки верим в гороскопы, в судьбу, в символы и знаки. Во всех гороскопах подчеркивается, что Дракон яростен, привлекателен и полон жизненной силы. В Китае Дракон – имперский символ, знак императора, символ власти и богатства. И мы надеемся, что Дракон будет благо-склонен к нашему факультету.

В 2012 году в жизни нашего факультета ожидается много интересных событий. Самое главное событие практически уже происходит – это переезд в новый учебный корпус. Большие аудитори-и, просторные холлы, светлые классы, кабинеты ресурсно-аналитических центров – есть где учиться и вести научные исследования! Тем более

что текущий учебный год характерен большим количеством приезжающих зарубежных специали-стов, которые читают лекции, ведут семинары и практические занятия, а также готовят совме-стные образовательные и научные проекты.

Это год двадцатилетия установления дипло-матических отношений Казахстана со многими странами Востока. Посольства Ирана, Индии, Турции, Китая, арабских стран, узнав о том, что факультет переезжает в новый корпус, уже изъявили желание оказать помощь в оборудовании языковых кабинетов, лингафонных и мультиме-дийных классов, ресурсно-аналитических центров. Все это знаки успешного развития факультета, крепких дружеских отношений с посольствами стран зарубежного Востока и хороший стимул для дальнейших достижений в учебе и научной дея-тельности.

Так что новый 2012 год для факультета – это новые достижения, новые зарубежные стажиров-ки преподавателей и студентов, новые встречи и новые друзья.

Гороскоп на 2012 год по знакам зодиака



ОВЕН. Карьера. Астрологический прогноз на 2012 год для Овнов обещает им карьерный рост. Однако не стоит ждать должностного роста сложа руки. Труд и дисциплина – вот лучшие союзники Овна в 2012 году.

Финансы. Рост доходов наиболее вероятен в апреле-мае. Ноябрь и вторая половина декабря – время, требующее повышенной осторожности в финансовых вопросах.

Личная жизнь. Волна любви в новом году будет столь мощной, что захватит Овна без остатка. Одинокие Овны с большой вероятностью могут ожидать появления на горизонте своей пары. Успех в любви станет залогом и базисом для всех прочих сфер жизни.

ТЕЛЕЦ. Карьера. Карьерный всплеск весьма вероятен в феврале. В целом Телец в год черного дракона служебных вершин не покорит. Возможно, придется даже устроиться на новую работу или переквалифицироваться в новую профессию.

Финансы. В марте-апреле можно рассчитывать на хорошую прибыль от операций с недвижимостью. А вот в июне и декабре осторожность в финансовых делах не помешает.

Личная жизнь. Одиноким Тельцу в апреле, а затем в ноябре следует ждать удачного знакомства с прекрасной дамой (или кавалером). Наилучшее время для свадоб у Тельцов – июль-август. В декабре же им стоит быть очень осмотрительными в плане сомнительных знакомств и романов с чужими супругами.



БЛИЗНЕЦЫ. Карьера. Карьерное продвижение будет, но оно не повлияет на жизнь кардинально. Наиболее вероятный период для служебного роста – апрель-май. И все время нужно следить за собственными эмоциями, так как склонность к вспыльчивости и агрессии может испортить отношения с коллегами.

Финансы. Что касается денежных вопросов, то гороскоп на 2012 год для Близнецов вполне удачен. Их доходы стабильны, и тенденции к их падению не прослеживаются.

Личная жизнь. Как бы ни складывались отношения с противоположным полом, они без сомнения будут лучше, нежели в прошедшем 2011 году. Холостые Близнецы в конце года окажутся в весьма приятной для себя роли романтического героя (или героини), женатым же придется август и сентябрь целиком посвятить семейным делам.

РАК. Карьера. Вся первая половина года будет для Раков, по сути, подготовительным периодом ко второй – кульминационной. В год черного дракона Ракам с полным основанием следует ожидать значительного карьерного роста. Возможно, их ожидает смена работы, но это будет связано не с недостатками или потерей старой, а с блистательными перспективами новой.

Финансы. Финансовый астрологический прогноз на 2012 год для Раков прост: их доходы будут уверенно расти. Хотя это не сделает Раков рачительнее, напротив, все приобретения будут тщательно спланированы и даже семейный бюджет подвергнется скрупулезному бухгалтерскому учету.

Личная жизнь. На романтическом горизонте, в отличие от карьерного, никаких взлетов не предвидится. Это даже будет иногда портить Ракам настроение. Впрочем, первая половина октября посветит солнечным лучиком в окошко сердца, так что не упустите момент.



ЛЕВ. Карьера. Карьера пойдет, нет, полетит вверх, причем покажется, что это происходит само собой.

Финансы. Не допускайте друзей к решению своих денежных проблем, они непременно проявят беспечность или неосмотрительность, а расхлебывать все это придется именно вам.

Личная жизнь. Лев в год черного дракона неизменно окружен поклонниками. Начиная с июля можно ждать большого чувства или, по крайней мере, почитателя, пользующегося авторитетом и славой.

ДЕВА. Карьера. В феврале-апреле Дев ожидают изменения в профессиональной сфере. Это может быть удачная смена работы или повышение в должности. Эффект от этих изменений превзойдет все ожидания, но и усилия для их достижений потребуются поистине титанические.

Финансы. В год черного дракона Девы недостатка в деньгах испытывать не будут. Если были задуманы ремонт или покупка автомобиля, квартиры, дачи, то этим планам суждено исполниться.

Личная жизнь. Женатым/замужним Девы в год черного дракона то и дело будут испытывать сложности во взаимоотношениях с близкими из-за того, что слишком много времени проводят на работе. Холостые же Девы, напротив, получают массу шансов для завязывания серьезных отношений, а в октябре и ноябре 2012 года даже велика вероятность бракосочетания.



ВЕСЫ. Карьера. Утверждает гороскоп на 2012 год для Весов, наступило время пожинать плоды. Вообще весь год в плане профессиональной деятельности пройдет под знаком творчества и неординарных решений.

Финансы. В финансовых делах следует проявлять интуицию. Март-апрель – самое плодотворное время для наращивания доходов, а во второй половине августа нужно ждать результатов удачных финансовых операций.

Личная жизнь. Весы обычно не являются доминантой в романтических отношениях. Что же касается 2012 года, то «на коне» они будут в феврале, марте, июне и ноябре. В остальные месяцы лидерство Весов – вопрос весьма спорный.

СКОРПИОН. Карьера. Гороскоп на 2012 год для Скорпионов не оставляет шансов на ожидание карьерного взлета. Большую часть служебного времени им придется заниматься рутинной работой, возможно, даже потребуются приобретение дополнительных навыков или знаний.

Финансы. С точки зрения получения доходов год станет удачным. Правда, придется немало трудиться.

Личная жизнь. Все неудачи профессиональной и финансовой деятельности с лихвой компенсируются взаимоотношениями с противоположным полом. Женатый Скорпион в год черного дракона получит едва ли не идеальную семейную жизнь без скандалов и выяснения отношений. Холостого Скорпиона ожидают легкие, приятные отношения без посягательств на его свободу.



СТРЕЛЕЦ. Карьера. Стрельцы будут готовы горы свернуть на ниве профессиональной деятельности. Финансы. Доход в течение всего года стабилен и вполне удовлетворителен. Следует опасаться только все той же середины октября, поскольку в этот период можно лишиться немалой суммы денег.

Личная жизнь. Август – потенциальный период конфликтов, с этого же времени и до декабря относитесь крайне осмотрительно к новым знакомствам.



КОЗЕРОГ. Карьера. Старые служебные обязанности и существующее положение дел в профессиональной сфере изжидают себя. Это обстоятельство станет для Козерогов столь очевидным, что они начнут кардинальные преобразования в собственной карьере.

Финансы. Не стоит соблазняться заманчивыми, но не нужными тратами. Новые планы будут требовать новых источников доходов, поиску которых Козероги и посвятят немало времени.

Личная жизнь. Будьте лояльны к собственному партнеру: весьма вероятно, что он переживает не лучшие времена, так поддержите его!



ВОДОЛЕЙ. Карьера. В год черного дракона Водолеям следует подхватить знамя перемен. Они не должны бояться новых методов работы, новых сфер деятельности, даже если те будут кардинально отличаться от старых и станут вызывать непонимание кое-кого из окружающих.

Финансы. Гороскоп на 2012 год для Водолеев предсказывает им стабильные доходы, а особенно удачным временем для новых сделок и решения финансовых вопросов называет март, а также ноябрь.

Личная жизнь. Первые восемь месяцев Водолей в год черного дракона будет смелым, пользующимся популярностью у противоположного пола, но в то же время дерзким и даже конфликтным. Так что любовные успехи будут чередоваться с ссорами и неприятными ситуациями.



РЫБЫ. Карьера. 2011 год был для этого знака трудным и даже изнурительным. И в год черного дракона Рыбам, наконец, удастся пожать плоды прошлых титанических усилий.

Финансы. Все начинания, особенно возникающие в феврале-марте, обещают быть успешными.

Личная жизнь. Эта сфера жизни Рыб в новом году ярка и богата событиями. Середина осени может ознаменоваться красивым романом, недолговечным, но запоминающимся.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Еңлік АҚЖІГІТ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс №10757

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.